

Шардара ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің

Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы жалпы орта мектебі

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Жүзтасқын Нұрымбет

Келісемін:

ДТЖО:

М.Әділхан

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында

Ұлы ұстаз – Ахмет Байтұрсынұлы



Кітапхана меңгерушісі: Н.Нурпейсова

2022-2023 оқу жылы

Ұлы ұстаз – Ахмет Байтұрсынұлы

«Оқуға күштар мектеп» жобасы		Ұлы ұстаз – Ахмет Байтұрсынұлы		
Сабақ мақсаты:		Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармаларының тақырыбы мен танысу		
Күтілетін нәтиже:		Ақынның айтар ойын, заман ағымын түсінеді, сыни тұрғыдан ойлап, шешім қабылдауға дағдыланады. Еркін ойлау дағдысы қалыптасады. Бұрын білетін мәліметтеріне қосымша мәлімет қосады; постерге салып қорғауға, қорытынды айтуға үйренеді. Бағалау критерийлері бойынша өзін-өзі бағалауға және топты бағалауға үйренеді		
Сабақта қолданылған әдіс-тәсілдер		«Сиқырлы алаң» әдісі, «Екі түрлі жазба күнделігі» стратегиясы, «Бағдаршам» стратегиясы, «Өрмекшінің торы» әдісі		
Модульдердің кіріктірілуі		Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, СТО, Бағалау, АКТ, Дарынды және талантты балаларды оқыту, Оқушыларды жас ерешеліктеріне сәйкес оқыту және оқу, Оқытудағы басару және көшбасшылық		
Сабақ түрі:		<i>Ашық сынып сағат сабағы</i>		
<i>Сабақтың кезеңдері</i>	<i>Уақыт</i>	<i>Мұғалімнің іс-әрекеті</i>	<i>Оқушының іс-әрекеті</i>	<i>Керекті жабдықтар</i>
Кіріспе	3 мин.	Топқа бөлу, шеңбер арқылы ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.	А.Байтұрсынұлы өлсн аттары арқылы 4 топқа бөлінеді.	Стикер.
Жаңа сабақтың таныстырылымы	15 мин.	«Екі түрлі жазба күнделігі» стратегиясы бойынша жаңа сабақтың мазмұнымен танысады. Мұғалім сөзі: Қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушы ғалым, Ыбырай Алтынсариннен кейінгі еңбегі ерекше ағартушы-педагог, сөз құдіретін танытқан тамаша ақын, қазақ баспасөз тілінің ұлттық үлгісін көрсеткен талантты публицист, туған халқының рухани дүниесін көтеруге көп күш жұмсаған мәдениет және ірі қоғам қайраткері – Ахмет Байтұрсынов болатын. Ахмет	Берілген плакатты екі бағанаға бөліп, өздеріне берілген тақырыпты оқып, бір бағанаға тақырыптың әсер еткен тұсын жазса, екінші тұсына қалай әсер еткен туралы өз ойларын жазып, дәлелдейді. Бағалау критерилеріне сүйене отырып, өз-өзін	Оқулық, плакат, маркер, бағалау парақшасы

		Байтұрсынұлы (5 қыркүйек 1872 жыл, қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылы) — Алаш-Орда өкіметінің мүшесі. Ол - акын, жазушы, аудармашы, публицист, қоғам қайраткері, ағартушы, этнограф, фольклорист, түркітанушы, әдебиетші, тілші, ғалым... Оның бүкіл еңбегінің мәнін бір ауыз сөзге сыйғызып айтар болсақ, ол бас әріппен жазылған ҰСТАЗ, ХАЛЫҚ ҰСТАЗЫ.	бағалайды.	
Жаңа сабақты қолдану	10 мин	Ахмет Байтұрсынұлы туралы видеокөрсетілім көрсетіп, Ал, құрметті оқушылар алдарыңа қағаз үлестіріп беремін. Сол қағазға өзіміз білетіндей, біз төменгі сыныптарда да Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығымен, өмірбаянымен таныспыз, кестеге не білетіндіктеріңді және не білгілерің келетінін жазып, толтырыңдар. Әр топқа плакат тарқатып беріп, топтық жұмыс жасату.	Видеокөрсетілімді көріп, сұрақтарға жауап береді	Интербелсенді такта,
Жаңа сабақты қорытындылау	5 мин.	«Өрмекшінің торы» әдісі бойынша сабақты қорытындылау. Оқушыларды шеңбер болып тұрғызып, сұрақтар қойып, жауап беру арқылы өрмекшінің торын құрғызу арқылы сабақтың тақырыбын қорытындылау. Өз-өздерін бағалау	Шеңбер құрып, жаңа сабақ бойынша бір-бірлеріне сұрақтар қойып, жауап беріп өрмекшінің торын құрау арқылы жаңсабақты қорытындылау Бағалау критерилеріне сүйене отырып, өз-өзін бағалайды	Жібек жіп, бағалау парақшасы
Бағалау	3 мин.	Бағалау. Сыныптасын	Сыныптасын	Бағалау парақшасы.

		критериалды бағалатамын. «Бағдаршам» стратегиясымен формативті бағалаймын.	бағалау критерийлерін с сүйене отырып баллдық жүйемен бағалау парақшасына қойып шығады.	
Рефлексия	3 мин.	«Не білдім?», «Не білгім келеді?», «Не білемін?» деген сұрақтарға жауаптарын стикерге жауап бергізу.	«Не білдім?», «Не білгім келеді?», «Не білемін?» деген сұрақтарға жауаптарын стикерге түсіреді.	Рефлексия парағы, стикерлер
Үйге тапсырма беру	1 мин.	Үге тапсырма беру. 5 жолды өлең құрастыру.	Күнделіске жазып алады.	Күнделік

Ахмет Байтұрсынов 150жыл «Ұлттың ұлы ұстазы» Портрет кеші

